



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

3. Kazakhstan – Reforming the public sector wage system – Policy Note № 31707/ ECON Mngmt (ECSPE), 2005.
4. Государственная служба современного Казахстана/ под ред. А.А.Орсариева, Г.К. Сулейменовой. - Астана: АГУ при Президенте РК, 2011 г.
5. Оценка эффективности деятельности государственных органов/ под ред. Байкадамова Б.К., Кусмангалиевой Ж.Д., Уакпаева Б.С., Тусуновой Л.К.: Методическое пособие для НПО и независимых экспертов. – Астана: ПРООН, 2011 г.
6. Kurmanov N. et al. Human development index: place of Kazakhstan in the modern world //Қазақстан Республикасы. – 2016. – С. 14.
7. Kurmanov N. et al. Labor Activity Motivation in Oil and Gas Companies: The Case of Kazakhstan //Proceedings in ARSA-Advanced Research in Scientific Areas. – 2013. – №. 1.

ӘОЖ 352.075

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖЕРГІЛІКТІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН ЖАҢҒЫРТУ**

**Даутбаева Жанар Мағауияқызы**

u.j\_97@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығының  
4-курс студенті, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – оқытушы Шынар Күнгелдіқызы

Қазіргі уақытта ешбір мемлекет ел ішіндегі тиімді аумақтық басқару жүйесінсіз бәсекеге қабілетті болып, әлемдегі өзінің лайықты орнына ие бола алмайды. Өздерінің мемлекеттік басқару жүйесін қазіргі талаптарға сай «жаңартқан» мемлекеттер өз аумақтарында шаруашылық кәсіпорындарын орналастыру үшін, шетел инвестицияларын тарту үшін тартымдырақ бола түсті. Ал, дәл қазіргі ғаламдану үрдісі белең алып отырған әлемдік бәсекелестік жағдайында аса маңызды.

Қазіргі жаһандану заманындағы Қазақстан Республикасында жергілікті басқару жүйесін жетілдіру еліміздің саяси бағытының өзекті мәселесіне айналып, бұл орайда оны қайта құрудың әлемдік үлгілері мен үрдістерін саралау мен сараптау жұмыстары дәйектілікпен жүргізіліп отыр. Жалпы, жергілікті басқарудың тұғырнамасын іске асыру кез келген құқықтық мемлекеттегі демократиялық режимнің қажетті құрылымы болып табылады.

ҚР Конституциясының 85-бабында: «Жергілікті мемлекеттік басқаруды тиісті аумақтағы істің жай-күйіне жауапты жергілікті өкілді және атқарушы органдар жүзеге асырады» - делінген [1].

«Қазақстан-2030» Стратегиясында мемлекеттік басқарудың құрылымы мен кәсіби деңгейін жақсарту мемлекеттің ең шешуші міндеттерінің бірі ретінде белгіленген. Осы құжатта атап көрсетілгеніндей, үкімет неғұрлым маңызды және жалпы мемлекеттік міндеттерді шешумен айналысып, әрбір министрлік пен басқарушы орган өздеріне тән емес функцияларды орталықтан аймақтарға және мемлекеттен жеке секторға бере отырып, олардан арылу арқылы өз жұмысын жетілдіре беруге міндетті болды [2].

Жалпы жергілікті басқару жүйесін дамыту экономиканы гүлдендірудің, әлеуметтің әлеуетін жақсарту мен азаматтық қоғамды қалыптастырудың міндетті бір шарты болып табылады.

Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының 98-қадамы шеңберінде аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент және ауылдық округ деңгейінде жергілікті басқарудың дербес бюджетін енгізуді тапсырған болатын. Сонымен қатар, Қазақстанда «Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту тұжырымдамасы» қабылданып, оның екі кезеңі белгіленген болатын.

Бірінші кезең (2013-2014 жылдар) - басқарудың төменгі деңгейлеріндегі қолданыстағы жүйенің әлеуетін кеңейту.

Екінші кезең (2015-2020 жылдар) - жергілікті өзін-өзі басқаруды одан әрі дамыту.

Өзінің институттарымен жергілікті өмірдің демократиялық ұйымының дерлік барлық жағын қамти отырып, жергілікті өзін-өзі басқару мемлекеттік биліктің көптеген қызметтерін орталықсыздандырудың ұтымды әдістерімен жергілікті өмірдің бүкіл мәселелері бойынша шешімдер қабылдауды аумақтық қоғамдастықтарға көшіруге мүмкіндік береді, осы арқылы азаматтардың белсенділігін көтермелейді және осы сияқты шешімдерге олардың нақты қатыстылығын қамтамасыз етеді [3].

Елімізде адам құқығы мен оның еркіндігі қамтамасыз етіледі, азаматтар жергілікті органдарға жұмысқа тартылады, өкілетті орган құрамын сайлау үрдісінде өз еркін білдіру формасымен кепілдендіріледі.

Жергілікті басқару жүйесін енгізу азаматтарға тек сайлау құқына кепілдеме беріп қана қоймай, қоғамдастықтың аумағына, сайлауды ұйымдастыру тәртібі мен жүргізілуіне, басқару органдарының сайлау мерзімі мен іс-әрекеттеріне қатысты шешім қабылдауға да мүмкіндік береді деген сөз. Сонымен жергілікті басқарудың органдарының құқықтық нығаюы үшін мемлекет өкілеттіктерін төменгі деңгейге біртіндеп беріп отырады, ол мынадай формада жүзеге асады:

- өкілеттерді беруі - жергілікті басқару органдарының қызметін реттеуді;

- оларды табыстауы - мемлекеттің өз құзыретіндегі өкілеттіктерді бір рет белгілі мерзімге немесе мерзімсіз уақытқа беруін білдіреді.

Заңнамалық тұрғыда жергілікті басқарудың іс-әрекеті заң шеңберінде белгіленеді және оған мына белгілер тән болады: оны басқарудың жалпы ережелері, соның ішінде, мақсаттары мен міндеттері, құқықтық негізі, аумағы мен құрамы, ұйымдастыру құрылымы, құрылу тәртібі мен нысаны, экономикалық және қаржылық сипаты, сайланбалы органның өкілеттіктерінің шегі мен оның мерзімі, мүшелері, сондай-ақ, лауазымды тұлғалары, басқа мемлекеттермен шекаралас орналасқан болса, онда мемлекет тарапынан әкімшілік қадағалау шараларын күшейту үшін жергілікті басқару органдарында ерекше тәртіп орнатылады және т.б. Қазақстанда жергілікті мемлекеттік басқару мен жергілікті басқарудың өзара қарым-қатынастары ерекше көңіл аудартады. Ол мынадай факторлардан белгілі, Қазақстан Республикасының Конституциясы (89-бап) жергілікті өзін-өзі басқаруды жергілікті деңгейдегі мәселелерді халықтың өз бетімен шешуін қамтамасыз етеді деп танып, халықты мемлекеттік биліктің нағыз көзі деген идея бекітілген [1].

Жергілікті басқару аумақтарда жүзеге асады, ол заң ұғымында өмір сүрудің міндетті шарты (жер, табиғат объектісі, ресурс көздері) ғана емес, жергілікті басқарудың мәртебесіне ие - заңды тұлға болып табылады.

Жергілікті басқарудың экономикалық негіздерімен танысуда құрылымдық компоненттеріне қоса, заңдық астарларын білу аса маңызды. Жергілікті құрылымға оның қазына мен мүліктен тұратын, коммуналды заңды тұлғаларға бекітілген коммуналды меншіктің тікелей қатысы болуы мүмкін. Мемлекеттік меншікті жергілікті меншікке беру туралы тәртіпті анықтау керек [4]. Мысалы, бүгінгі күні пайдаланылмайтын мемлекеттік объектілерді шағын кәсіпкерлік субъектілеріне беру тәртібі қабылданған. Коммуналды меншік оперативті басқару және шаруашылық жүргізу құқығымен бірге жергілікті тұлғаға беріледі. Егер жергілікті кәсіпорындарға коммуналды мүлікке иелік етуге, пайдалануға құқық берілсе, онда олар нақты меншік иесі болып табылады. Бұл құқықтарды атап көрсетудің өзі басқаруға тек қана кәсіпорын жеткілікті емес, оған жер, табиғи ресурс, жергілікті қаржылық-кредиттік мекемелер, тарихи және мәдени құндылықтар, яғни жергілікті мүлік жиынтығының қажет екендігін білдіреді. Жергілікті басқару органдары жергілікті меншікті басқарады, оны жеке және заңды тұлғаларға уақытша пайдалануға, жалға беруге құқығы бар, сөйтіп, белгіленген тәртіп бойынша беріп, мүлікпен келісімшарт жасайды. Оған қоса, жергілікті басқару органдары:

- өнімге (қызметке) бағаны және тарифті реттей алады;

- ұйымдардың жетекшілерін тағайындайды;
- жергілікті тапсырыстарды орналастырады;
- қоғамдастық аумағында орналасқан ұйымдардың жергілікті элеуметтік-экономикалық дамыту шараларына қатысуын үйлестіреді;
- белгіленген заң бойынша сыртқы экономикалық іс-эрекеттің тәртібін жүзеге асыра алады.

Жергілікті басқару органдарының қаржылық ресурстарына келер болсақ, ол Конституцияда және басқа да заңда қаралған өкілеттіктеріне сәйкес болуы керек. Бюджет жергілікті басқарудың қаржылық базасы, оның қаржылық негізі төмендегілердің есебінен құралады:

- жергілікті бюджет қаражаттарынан;
- бюджеттен тыс, валюта және басқа да қорлардың қаражаттарынан;
- жергілікті банкілерінің кредит ресурстарынан.

Жергілікті бюджеттің табыс құрылымы мынадай:

- жергілікті салықтардың түсімі; республикалық салықтардан аударма;
- жергілікті алымдардан, айыппұлдардан және басқа да төлемдерден түскен түсімдер;
- жер қойнауын пайдалану құқығына төлем;
- жердің, қозғалмайтын мүліктің және коммуналды мүліктің жалдық ақысы: жергілікті құрылымға жататын тұрғын үйлердің пәтерақысы; жергілікті бағалы қағаздар, акционерлік қоғамдар мен серіктестіктердің үлестік жарнасы, жергілікті қаржы ұйымдарының берген қарызы бойынша пайыздық төлемдер.

Елімізде 2001 жылғы 23 қаңтарда «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» №148 Заңы қабылданған болатын [5]. Конституция жергілікті деңгейде мемлекеттік басқару мен жергілікті басқару арасындағы айырмашылықты нақты ажыратып берген. Ол жергілікті басқару заңының жобасына сәйкес мемлекеттік басқару органдарының құрылымына өкілетті және атқарушы органдар құруға мүмкіндік береді. Біздің ойымызша, елді орталықтандырмай басқарудың тиімді жолы осы жергілікті басқаруды дамыту. Оның басты мақсаты тұтастай алғанда елді экономикасын дамыту мен халықтың элеуметтік жағдайын көтеру болуы шарт. Ол үшін алдымен мемлекеттік функциялардың тізімі анықталып, жүйелендіріледі, одан кейін мемлекеттік басқару деңгейлері арасында өкілеттіктер мен функциялар нақты ажыратылады, содан кейін ғана бюджетаралық қатынастардың үлгісі қалыптасады.

Қазақстанда 2016 жылдан бастап жергілікті өзін-өзі басқару органдарына қосымша өкілеттіктерді біртіндеп беру басталады деп жазды мемлекет басшысы Н.Назарбаев «Ұлт жоспары – қазақстандық арманға бастайтын жол» атты мақаласында [6].

Мақалада Елбасы мемлекеттің дамуы бірқатар мемлекеттік функцияларды бәсекелестік ортаға беруді талап етеді, ал олар бүгінде, бүтіндей алғанда, 4,5 мыңға жуық екенін мәлімдеді. Осы мақсатта Премьер-Министрдің орынбасарының басшылығымен, оның құрамына Парламент депутаттарын, орталық атқарушы органдар басшыларын, «Атамекен» ҰКП, Қазақстанның Азаматтық альянсы өкілдерін қоса отырып, тұрақты жұмыс істейтін Комиссия құрылатынын айтқан еді.

«Оның шеңберінде әрбір меморган бойынша бәсекелесті ортаға берілетін функциялар тізімі анықталады. Сондай-ақ, бәсекелесті ортаның берілетін мемлекеттік функцияларды, жұмыс істеп тұрған регламенттерді, сондай-ақ, бағалар мен сапа критерийлерін жүзеге асыруға дайындығын ескере отырып, оларды беру пішінін таңдап алу қажет», - делінген мақалада.

Оларға үш сатыда берілетін жергілікті өзін-өзі басқару органдарына қосымша өкілеттіктер беру орталық деңгейдегі реформалардың заңды жалғасы болуы тиіс.

Бірінші сатыда (2016-2017 жылдар): аудан әкімінің аудандық маңыздағы қала, кент, село және селолық округ әкімі лауазымына ұсынатын кандидатурасын одан әрі аудан мәслихатына және сайлау өткізуге енгізу үшін келісу;

- әкімді босату туралы мәселеге бастамашы болу;

- жергілікті қоғамдастықты дамыту туралы бағдарламалық құжаттар жобаларын қарау және абаттандыру мен қоғамдық тәртіптің көкейкесті мәселелерін талқылау;
- қолма-қол ақшаның бақылау шоты есебінен алынған мүлікті иеліктен шығаруда аудан әкімі ұсынысын қарау;
- елді мекендер шеңберіндегі жер телімдерінің мақсатты пайдаланылуын және жеке тұлғалардың заңсыз иеленуіне жол бермеуін бақылау;
- жергілікті қоғамдастықтың мемлекеттік мекемелеріне басшылар тағайындау бойынша ұсыныстар енгізу жоспарлануда.

Оларға қосымша екі салықты – көлік және заңды тұлғалардан жер салығын алу құқын беру жолымен жергілікті өзін-өзі басқарудың салықтық әлеуетін күшейту енгізіледі.

Екінші сатыда (2018 жылдан бастап):

- аудан мәслихаты бекіткен жергілікті өзін-өзі басқару бюджетін сатылап қалыптастыру;
- әкімнің аудандық мәслихатқа бекіту үшін енгізген жергілікті қоғамдастық бюджетінің жобасын Жиналыстың келісуі және олардың орындалуы туралы есепті мәслихатқа ұсыну үшін қолдау;
- жергілікті қоғамдастықтың коммуналдық меншікті басқару мәселелері;
- бюджетті тұрғындары 2 мың адамнан асатын әкімшілік-аумақтық бірлік үшін ғана енгізу және оны аудандық мәслихаттың бекітуі;
- «Жергілікті өзін-өзі басқару коммуналдық меншігі» институтын енгізу; олардың әлеуетін ұлғайту мақсатында селолық округтер деңгейінде әкімшілік-аумақтық бірлікті нығайту мәселесін әзірлеу.

Үшінші сатыда (2020 жылдан) төмендегілер қарастырылады:

- жергілікті өзін өзі басқарудың өкілді органын құру;
- халқының саны 2 мың адамнан кем емес елді мекендерде жергілікті өзін-өзі басқарудың дербес бюджетін енгізу;
- қоғамдық маңызды мәселелерді қамтитын жергілікті бюджеттердің жобалары бойынша азаматтардың ұсыныстарын қарау ресімдерін енгізу.

Сонымен, қазіргі уақытта ешбір мемлекет ел ішіндегі тиімді аумақтық басқару жүйесінсіз бәсекеге қабілетті болып, әлемдегі өзінің лайықты орнына ие бола алмайды. Өздерінің мемлекеттік басқару жүйесін қазіргі талаптарға сай «жаңартқан» мемлекеттер өз аумақтарында шаруашылық кәсіпорындарын орналастыру үшін, шетел инвестицияларын тарту үшін тартымдырақ бола түсті [7]. Ал бұл қазіргі ғаламдану үрдісі белең алып отырған әлемдік бәсекелестік жағдайында аса маңызды.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. Алматы, 1993, 1997 ж.
2. Назарбаев Н. А. Казахстан - 2030. Процветание, безопасность и улучшение благосостояния всех казахстанцев // Казахстанская правда. - 13 октября 2007 г.
3. Темирбекова Э. Т., Бердали К. Е. Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқару мәселелері // Молодой ученый. - 2017. - №8. - С. 51-53.
4. А.Қ.Турниязова РК., Қазақстан Республикасында жергілікті өзін-өзі басқару жүйесінің дамуы//Саясат.- 2016
5. 2001 жылғы 23 қаңтарда «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» №148 Заңы
6. Н.Назарбаев: Ұлт жоспары - қазақстандық арманға бастайтын жол//<http://www.inform.kz>
7. Игнатов В.Г., Рудой В.В. Местное самоуправление. - Изд. 3-е, перераб. и доп. - Ростов на Дону: Феникс, 2005.